Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «30» сәуір №47
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Директор, Мағдатов Наурызбек Серікұлы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: ҚР, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Е.Өмірбаев көшесі №34 үй.
4.
5. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): Жас көшбасшыларға арналған шетелдік тағылымдамалар ұйымдастыру басым бағыты, «Жастар тағылымдамасы 3.0» әлеуметтік жобасы
6. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 30.04.2024-29.11.2024 ж.
7. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 000 000 (он бір миллион теңге)

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

***1 міндет. Жастар ұйымдарының 10 басшысына арналған кемінде 2 елде шетелдік тағылымдама ұйымдастыру.***

**1 іс-шара. Тапсырыс берушінің келісімімен жобаның жұмыс жоспары әзірленеді және бекітіледі. Жобалық кеңсе жасақталады. Жастар арасында байқау ережесі жасақталынады. Ереже тапсырыс берушімен келісіледі.**

«Жастар тағылымдамасы 3.0» әлеуметтік жобасы аясында Ақтау қаласы 6-шағын аудан жастар орталығында жобалық кеңсе құрылды. Жобалық кеңсенің жұмыс жоспары жасақталды. Жобалық кеңсе материалдық-техникалық базамен, кеңсе жиhаздарымен жасақталды. Байқау ережесі жасақталып, тапсырыс берушімен келісілді.Байқау ережесі барлық жастар ұйымдарына, жастар ресурстық орталықтарына, қала, аудан әкімдіктеріне жолданды. Сонымен қоса, байқау ережесі әлеуметтік жобаның әлеуметтік желідегі парақшасына орналастырылды. Кез келген облыстың жасы сілтеме арқылы әлеуметтік жобаның ережесімен таныса алды.

**2 іс-шара. Өңірдегі белсенді жас азаматтардың (жастар ұйымдарының жетекшілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері, жастар қызметкерлері, жас қоғамдық көшбасшылар, жас мамандар, жас депутаттар, жас саясибелсенділер, волонтерлер) арасында тағылымдамадан өту мүмкіндігі жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылып, тағылымдамадан өтуге арналған ашық конкурс жарияланады.**

Әлеуметтік жоба туралы @jastar_tagylymdamasy  парақшасы ашылды. Жоба туралы ақпараттар әлеуметтік желілерге, жастар орталықтарының әлеуметтік желідегі парақшаларына жарияланды. Әлеуметтік жоба туралы жастардан кері байланыс орнату үшін мәтіндік хабарламалар қабылданатын WhatsApp, Telegram мессенджерінде чат-бот https://t.me/jastar_tagylymdamasy_bot жасақталды.  Конкурстың басталғаны туралы

посттар әлеуметтік желіге жарияланды. Есепті кезеңде 54 телефон қоңырауы қабылданып жауап берілсе, WhatsApp мессенджерінде 57 жасқа чат арқылы сұраққа жауаптар берілді. Әлеуметтік жобаның медиа-жоспары жасақталды.

**3 іс-шара. Тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау үшін арнайы электрондық почта ашылады және өтінім қабылдау сол почта арқылы жүргізіледі және техникалық іріктеу ұйымдастырылады.**

Тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау үшін электрондық почта tupkaraganzhastary@mail.ru ашылды. Жас көшбасшыларға арналған байқау ережесі бойынша өтінім қабылдау 3 маусым мен 24 маусым аралығында жүргізілді. Байқауға Маңғыстау облысы бойынша 71 өтінім түсті. Техникалық іріктеу кезеңінде 23 өтінім қабылданды.

**4 іс-шара. Техникалық іріктеуден өткен жастар арасында оқыту өткізіліп, оқытудан өткен жастар арасында шағын әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша міндеттер жүктеледі.**

Техникалық іріктеуден өткен жастар арасында «Project networking» тақырыбы бойынша көп модулді оқыту өткізілді. Бағдарлама 2 мастер-класстан тұрды. «Еркін сөйлеу» мастер-класы 06 тамыз күні Ақтау қаласы жастар орталығында өткізілді. Тренер ретінде Қайрат Хасанов шақыртылды. Мастер-класта көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдылары туралы кеңестер айтылды. Көшбасшы жастар бірнеше жаттығулар жасап жаңа дағдыларды меңгерді. Келесі оқыту «Жеке бренд» мастер-класы ретінде өтті. Тренер ретінде Жібек Умбеткалиева, Эльвира Мухтарова шақыртылды. Тренинг соңында жастар II модульге қатысқаны туралы басқарма атынан сертификатқа ие болды.

**5 іс-шара. Шағын әлеуметтік жобаларды іске асыру.**

«Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасы бойынша техникалық іріктеуден өткен 23 жас жастарға арналған шағын әлеуметтік жобаларды іске асырды. Іске асырылған шағын жобалар әлеуметтік желідегі жобаның парақшасына фотолармен бірге жарияланды. Әрбір шағын әлеуметтік жоба бойынша есеп жинақталды.Шағын әлеуметтік жобаларды іске асыру қоғам үшін көптеген пайда әкелді. Бұл жобалар көбінесе жастарды қолдауға бағытталған, сондықтан олардың тиімділігі мен ықпалы ерекше болды. Шағын әлеуметтік жобалар қоғамдағы нақты мәселелерді шешуге бағытталды. Жобаға қатысушы Кушанова Гүлнұр «Ысырапсыз өндіріс негіздері» тақырыбында тренингті Маңғыстау туризм колледж студенттеріне өткізген. Бағдарлама lean/Кайдзен өндіріс әдістемелерінің негізгі қағидаларына, яғни өнім өндіру мен қызмет көрсетудегі ысырапты шығындарды азайтуға бағытталған. Бұл тақырып осы аудитория үшін маңызды, өйткені сервистік саладағы мамандарға клиенттердің қажеттіліктерін жылдам әрі сапалы қанағаттандыру, сонымен қатар шығындарды оңтайландыру маңызды.

**6 іс-шара. Бірлестік тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша критерийлерді анықтап және қоғам белсенділерінің, мемлекеттік органдардың, БАҚ саласының кәсіби әрі беделді өкілдерінің қатысуымен конкурстық комиссия құрамын жасақтау. Жобалық топ Конкурстық комиссия бекіткен тағылымдама қатысушыларымен тағылымдама бағдарламасын жасақтау мақсатында сұхбаттасу ұйымдастыру.**

Бірлестік алдымен техникалық іріктеуден өткен жастарды іріктеу бойынша критерийлерді анықтады. Анықталған соң тапсырыс берушімен келісе отырып конкурсттық комиссия құрамын бекітті. Комиссия құрамы қоғам белсенділерінен, мемлекеттік органдардың, БАҚ саласының кәсіби әрі беделді өкілдерінен жасақталды. Комиссия құрамында қоғам қайраткері, Маңғыстау облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі Маханбетова Жақсыгүл, Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай, 2023 жылғы «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасының жеңімпазы Тұрарова Інжу, кәсіпкер Жалғас Давлетов, «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің директоры Мағдатов Наурызбек Серікқұлы болды. Конкурстық комиссия құрамының қатысуымен конкурстық комиссия отырысы Ақтау қаласы жастар орталығында қыркүйек айының 13-жұлдызында өтті.

**7 іс-шара. Жобалық топ азаматтық қоғам институттары дамыған, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда және мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы байланыс нәтижесінде айтарлықтай жетістікке жеткен Тапсырыс берушінің келісімімен Ресей Федерациясы (Мәскеу, Санкт-Петербург**

**қаласына) және Чех Республикасы (Прага қаласына) ҮЕҰ-нда және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында үш күндік сапар ұйымдастыру бойынша дайындық жұмысын жүргізеді.**

Жобалық кеңсе конкурстық комиссия отырысынан соң Ресей Федерациясы және Чехия Республикасы бойынша азаматтық қоғам институты және ҮЕҰ байланыс орнатып серіктестіктік қарым-қатынасты бекітті. Тапсырыс берушімен келісе отырып тағылымдаманың бағдарламалары жасақталып, бекітілді. Жобаның жеңімпаз 10 жасына жобалық кеңсе дайындаған имидждік материалдар дайындалып, берілді. Жобалық кеңсе мамандары арнайы нұсқаулықтар дайындап, электронды түрде қатысушыларға жолдады.

**8 іс-шара. Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде Тапсырыс берушінің келісімімен сапардың алғаш күнінде кемінде 3 ҮЕҰ қызметтік кеңсесіне барып, олардың қызметімен танысады. Екінші күні кемінде 3 жастар ұйымы мен волонтерлік ұйымының фронт-офистерімен және олардың табысты жобаларымен танысады. Үшінші күні кемінде 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысанмен, жастарға арналған мәдени-демалыс кешенінің (коуоркиң, арт-студиялар, бизнес инкубаторлар) қызметімен танысады.**

«Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасы бойынша бекітілген бағдарлама бойынша жеңімпаз жастар Ресей Федерациясы Мәскеу, Санкт-Петербург, Выборг қаласына 3-5 аралығындағы тағылымдамаға қатысты. Тағылымдама барысында ҮЕҰ -дың қызметтік кеңсесіне барып, олардың қызметімен, жастар ұйымы мен волонтерлік ұйымының фронт-офистерімен және олардың табысты жобаларымен танысты. Сонымен қоса, әлеуметтік кәсіпкерлік нысанмен, жастарға арналған мәдени-демалыс кешенінің (коуоркиң, арт-студиялар, бизнес инкубаторлар) қызметімен танысып, халықаралық серіктестікке қол жеткізді.

Визаның кеш берілуіне байланысты Чех Республикасына (Прага қаласы) сапар кеш жүзеге асырылды.

**9 іс-шара. Жастармен ашық кездесу ұйымдастыру**

«Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасының жеңімпаздарының қатысуымен және Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мұқаш Оралбайдың қатысуымен Ақтау қаласы «Barista business» коворкинг орталығында ашық кездесу өтті. Ашық кездесуде әлеуметтік жобаның мақсат-міндеті айтылды. Кездесуде жеңімпаз жастарға имидждік материалдар тапсырылды. Ашық кездесу барысында жеңімпаз жастар өздерінің салалары бойынша ақпараттармен бөлісіп, жоба туралы сұрақтарын қойды.

***2 міндет. Аймақтағы жас көшбасшылар кемінде 4 шетелдік және отандық серіктестікке қол жеткізу***

**1 іс-шара. Тағылымдама барысында 4 шетелдік және отандық серіктестерге қол жеткізу мақсатында меморандум жасақтап, шетелдік серіктестермен бекіту.**

Тағылымдама барысында 4 шетелдік серіктеспен меморандум жасалып, олармен келісім бекітілді. Меморандум «Творческие проекты Кайкино» Автономиялық НКО, «Легко-легко» ЖШС, «Простые вещи» АНО, «Анна помогает» НКО ұйымдарымен жасалды.

**2 іс-шара. Тағылымдама барысында жас көшбасшылар пулын жасақтау (тағылымдамадан өткен жастар арасында)**

Тағылымдамаға қатысқан жеңімпаз жастардың қатысуымен жас көшбасшылар пулы құрылып, оның отырысы өтіп, жоспар бекітілді. Жас көшбасшылар пулы — қоғамда өзгерістер енгізуге, жаңа идеяларды жүзеге асыруға және әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға қабілетті жастардан құралған топ. Бұл топ жастардың кәсіби және қоғамдық қызметін дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалар, тренингтер немесе жобалардың бір бөлігі бола алады. Жас көшбасшылар пулы арқылы мемлекет немесе ұйымдар жастардың әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз етіп, болашақта маңызды қоғамдық және саяси шешімдер қабылдауға ықпал ететін жетекші тұлғаларды анықтап, оларды дамытуға жүйелі түрде жұмыс істейді.

***3 міндет.Тағылымдамадан өтушілердің кемінде 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобасын жүзеге асыруын үйлестіру және сүйемелдеу***

**1 іс-шара. Тағылымдамадан өткен жастар арасында онлайн және оффлайн кездесу отырыстарын өткізу**

Тағылымдамадан өткен жастар арасында онлайн және оффлайн кездесу отырыстарын өткізілді. Отырыстарда тағылымдамаға жасақталған бағдарлама бекітіліп, ұйымдар таныстырылды. Онлайн отырыстардың негізгі мақсаты – қатысушыларға тағылымдаманың ұйымдастыру сәттері бойынша ақпараттарды тез арада жеткізуге ықпал етті.

**2 іс-шара. Тағылымдамадан өткен жастар арасында авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобаны іске асыру**

Тағылымдамадан өткен жастар арасында 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобалар іске асырылды. Қоғамдық негізде 5 ментор тағайындалды. Тағылымдамадан өткен жастар арасында авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобаны іске асырудың пайдасы бірнеше аспектіні қамтиды. Әлеуметтік жобалар жастардың жеке және кәсіби дамуына оң әсер етіп, қоғамға нақты өзгерістер енгізуге көмектеседі. Міне, осының негізгі артықшылықтары көшбасшылық қабілеттерін дамыту қысқа мерзімді жобаны іске асыру барысында жастар өз идеяларын жүзеге асыруға жауапты болады. Бұл олардың көшбасшылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

***4 міндет. Аймақтағы жас көшбасшылардың әр елде кемінде 6 қоғамдық ұйымның, 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысуын қамтамасыз ету.***

**1 іс-шара. Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде әр елде кемінде 6 қоғамдық ұйымның, 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысуын ұйымдастыру**

Іс-шара аясында жас көшбасшылар Ресей Федерациясында 6 қоғамдық ұйымның және 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен таныты.Сонымен қатар, Чех Республикасында (Прага қаласы) жас көшбасшылардың 6 қоғамдық ұйымның және 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысуын ұйымдастырды.

**2 іс-шара. Серіктестермен бірлесе тағылымдамадан өтушілерге арналған нұсқаулық (қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі, серіктестер мен қабылдаушы ел туралы ақпарат) дайындау.**

Жоба аясында тағылымдамадан өтушілерге арналған Чех Республикасы және Ресей Федерациясы бойынша нұсқаулықтар дайындалды. Нұсқаулықтарда қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі және қабылдаушы ел туралы ақпарат көзделген.

**3 іс-шара. Жоба туралы жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастыру. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер шақыру. Әлеуметтік жобаға арнайы парақша ашу арқылы «Тағылымдама күнделігі» айдарын жүргізу**

Іс-шараны орындау барысында жоба туралы БАҚ-та 2 материал және әлеуметтік желілерде 57 материал жарияланды.

Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлерді шақыру бойынша ақпарат «Түпқараған жастары» ЖҚБ-ның қорытынды есебінде ұсынылды.

«Тағылымдама күнделігі» айдары бойынша жобаның әлеуметтік желідегі парақшасында жас көшбасшылардың Ресей Федерациясына және Чех Республикасына сапары туралы материалдар жүктелген.

**1)Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері: -**

**2) Мақсатқа қол жеткізу** (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Өңірдегі 10 жастар ұйымдары басшылары Ресей Федерациясы (Мәскеу, Санкт-Петербург, Выборг) мен Чехия Республикасы (Прага) қаласында тағылымдамаларға қатысты. 3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі осы жылы Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының «Жастар тағылымдамасы 3.0» әлеуметтік жобасын жүзеге асырды. Жобаның мақсаты - өңірдегі жастардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, жаңа жас көшбасшыларды анықтау. Жоба алдымен жас көшбасшыларға арналған байқаудан басталды. Байқауға 71 өтінім түсіп, техникалық іріктеуден 23 іріктеліп, оқытуға жолданды. Конкурстық комиссиясының қорытындысы бойынша 10 жас тағылымдамаға жолданды. Конкурстық комиссия қорытындысы бойынша жолдама алған жастардан комиссия құрамы мен тапсырыс беруші мемлекеттік органмен кеңесе келе 2 топ құрылды. Бірінші топ Ресей Федерациясы Мәскеу, Санкт-Петербургу, Выборг қалаларына, бір топ Чехия Республикасы Прага қаласына барып келді. Әрбір тағылымдама бойынша жеке-жеке бағдарламалар жасақталды. Жастар тағылымдама барысында шетелдік және отандық қоғамдық ұйымдарға барып, ұйымдардың жұмыстарымен танысты. Ұйымдардың жобаларымен танысып қана қоймай, жеңімпаз жастар ұйым мүшелерімен серіктестік орнатуға тырысты. Қысқа арада бірлестіктің жоба аясында қол жеткізген нәтижелері: 1. Ресей Федерациясында орналасқан «Легко-легко» ОО ұйымымен әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша ортақ форум ұйымдастыру туралы келісімге келді. 2. Ресей Федерациясындағы халықаралық донорлармен жоба жасайтын ұйымлардың мамандары өңірдегі

жастар ұйымдарына халықаралық жобаларға өтінім толтыру бойынша кеңестерін беретін болады. Бұл арқылы біз өңірдегі жастар ұйымдарының халықаралық донорларға қатысуға септігін тигізеді. 3. Чехия Республикасы бойынша демократиялық ұйым арқылы бірлесе онлайн оқытулар өткізді. Жоба аясында жобаға қатысқан жастар арасында жоба туралы қорытынды анкета жүргізілді. Қосымша ретінде анкета жалғанды

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Жас көшбасшыларға арналған шетелдік тағылымдама ұйымдастыру арқылы аймақтық жастар саясатында кемінде 4 халықаралық серіктестікке қол жеткізу |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | 1.Жастар ұйымдарының 10 басшысына арналған 2 елде шетелдік тағылымдама ұйымдастырылды.<br>2.Аймақтағы жас көшбасшылар 4 шетелдік және отандық серіктестікке қол жеткізді.<br>3.Тағылымдамадан өтушілердің 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобасы жүзеге асырылды.<br>4.Аймақтағы жас көшбасшылардың әр елде 6 қоғамдық ұйымның, 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысты. |

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| **1 міндет**. Жастар ұйымдарының 10 басшысына арналған кемінде 2 елде шетелдік тағылымдама ұйымдастыру. | **1-іс-шара.** Тапсырыс берушінің келісімімен жобаның жұмыс жоспары әзірленеді және бекітіледі. Жобалық кеңсе жасақталадыЖастар арасында байқау ережесі жасақталынады.Ереже тапсырыс берушімен келісіледі. | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 3 қызметкер | «Жастар тағылымдамасы 3.0» әлеуметтік жобасы аясында Ақтау қаласы 6-шағын аудан жастар орталығында жобалық кеңсе құрылды. Жобалық кеңсенің жұмыс жоспары жасақталды. Жобалық кеңсе материалдық-техникалық базамен, кеңсе жиһаздарымен жасақталды | Бекітілген жұмыс жоспары<br><br>Жобалық кеңсе<br><br>Тапсырыс берушімен бекітілген байқау ережесі (хат, ереже) | 1<br><br>1<br><br>1 | 1<br><br>1<br><br>1 | Байқау ережесі жасақталып, тапсырыс берушімен келісілді.Байқау ережесі барлық жастар ұйымдарына, жастар ресурстық орталықтарына, қала, аудан әкімдіктеріне жолданды. Сонымен қоса, байқау ережесі әлеуметтік жобаның әлеуметтік желідегі парақшасына орналастырылды. Кез келген облыстың жасы сілтеме арқылы әлеуметтік жобаның ережесімен таныса алды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2-іс-шара.** Өңірдегі белсенді жас азаматтардың (жастар ұйымдарының жетекшілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері, жастар қызметкерлері,жас қоғамдық көшбасшылар,жас мамандар, жас депутаттар, жас саяси белсенділер, волонтерлер) арасында тағылымдамадан өту мүмкіндігі жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылып, тағылымдамадан өтуге арналған | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 3 қызметкер<br><br>111 жасқа кеңес берілді. | Әлеуметтік жоба туралы @jastar_tagylymdamasy парақшасы ашылды. Жоба туралы ақпараттар әлеуметтік желілерге, жастар орталықтарының әлеуметтік желідегі парақшаларына жарияланды. | Ақпараттық жұмыс жоспары<br><br>Жоба туралы парақша ашу<br><br>Мессенджерлерде байланыс тетігін дайындау (Телеграм, Whatsapp чат-бот)<br><br>Чат бот қызметі туралы есеп<br><br>Конкурстың басталғаны туралы пост | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>3 | 1<br><br>1<br><br>2<br><br>1<br><br>6 | Әлеуметтік жоба туралы жастардан кері байланыс орнату үшін мәтіндік хабарламалар қабылданатын WhatsApp, Telegram мессенджерінде чат-бот https://t.me/jastar_tagylymdamasy_bot жасақталды.<br><br>Конкурстың басталғаны туралы посттар әлеуметтік желіге жарияланды.<br><br>Есепті кезеңде **54 телефон** қоңырауы қабылданып жауап берілсе, WhatsApp мессенджерінде **57 жасқа** чат арқылы сұраққа жауаптар берілді.<br><br>Әлеуметтік жобаның медиа-жоспары жасақталды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ашық конкурс жарияланады. | | | | | | | | |
| | **3-іс-шара.** Тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау үшін арнайы электрондық почта ашылады және өтінім қабылдау сол почта арқылы жүргізіледі және техникалық іріктеу ұйымдастырылады. | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 71 өтінім<br><br>23 қатысушы жас | Тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау үшін электрондық почта tupkaraganzhastary@mail.ru ашылды. | Өтінім үлгісі<br><br>Электронды почта<br><br>Түскен өтінімдер тізімі<br><br>Техникалық іріктеу хаттамасы | 1<br><br>1<br><br>1 (кемінде 10 өтінім)<br><br>1 | 1<br><br>1<br><br>71<br><br>1 | Жас көшбасшыларға арналған байқау ережесі бойынша өтінім қабылдау **3 маусым мен 24 маусым** аралығында жүргізілді.<br><br>Байқауға Маңғыстау облысы бойынша **71 өтінім** түсті.<br><br>Техникалық іріктеу кезеңінде **23 өтінім** қабылданды. |
| | **4-іс-шара.** Техникалық іріктеуден өткен жастар арасында оқыту өткізіліп, оқытудан өткен жастар арасында | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 23 жеңімпаз жас | Техникалық іріктеуден өткен жастар арасында «Project networking» тақырыбы бойынша көп модулді оқыту өткізілді.<br><br>Бағдарлама 2 мастер-класстан тұрды. «Еркін сөйлеу» | Іріктеуден өткен өтінімдер тізімі<br><br>Тапсырыс берушімен бекітілген оқыту бағдарламасы | 1<br><br>1 | 1<br><br>1 | Мастер-класта көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдылары туралы кеңестер айтылды.<br><br>Көшбасшы жастар бірнеше жаттығулар жасап жаңа дағдыларды меңгерді.<br><br>Келесі оқыту «Жеке бренд» мастер-класы ретінде өтті. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шағын әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша міндеттер жүктеледі. | | | | мастер-класы 06 тамыз күні Ақтау қаласы жастар орталығында өткізілді. Тренер ретінде Қайрат Хасанов шақыртылды. | Қатысушылар тізім<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Оқыту күні<br><br>Тренерлер тізімі<br><br>Оқыту материалдары<br><br>Пост | 1<br><br>5 әр күннен<br><br>1 әр күннен<br><br>2<br><br>1<br><br>2<br><br>1 | 1<br><br>5 әр күннен<br><br>1 әр күннен<br><br>2<br><br>3<br><br>2<br><br>3 | Тренер ретінде Жібек Умбеткалиева, Эльвира Мухтарова шақыртылды.Тренинг соңында жастар II модульге қатысқаны туралы басқарма атынан сертификатқа ие болды. |
| | **5-іс-шара.** Шағын әлеуметтік жобаларды іске асыру. | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 23 техникалық іріктеуден өткен жастар | «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасы бойынша техникалық іріктеуден өткен 23 жас жастарға арналған шағын әлеуметтік жобаларды іске асырды. | Жобалар тізімі<br><br>Жобалар бойынша есеп<br><br>Фото | 1<br><br>1 (әр жоба бойынша)<br><br>әр жоба бойынша 1 | 1<br><br>1 (әр жоба бойынша)<br><br>әр жоба бойынша 1 | Іске асырылған шағын жобалар әлеуметтік желідегі жобаның парақшасына фотолармен бірге жарияланды.<br><br>Әрбір шағын әлеуметтік жоба бойынша есеп жинақталды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 1<br><br>әр жоба бойынша 1 | 1<br><br>әр жоба бойынша 1 | |
| | **6-іс-шара.** Бірлестік тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша критерийлерді анықтап және қоғам белсенділерінің, мемлекеттік органдардың, БАҚ саласының кәсіби әрі беделді өкілдерінің қатысуымен конкурстық комиссия құрамын жасақтау. Жобалық топ Конкурстық комиссия | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 5 комиссия мүшесі<br><br>23 техникалық іріктеуден өткен жастар | Бірлестік алдымен техникалық іріктеуден өткен жастарды іріктеу бойынша критерийлерді анықтады.<br><br>Анықталған соң тапсырыс берушімен келісе отырып конкурсттық комиссия құрамын бекітті. | Конкурстық комиссия отырысы<br><br>Қатысушылармен сұхбаттасу<br><br>Хаттама<br><br>Тапсырыс берушімен бекітілген комиссия мүшелері және олар туралы ақпарат<br><br>Іріктелген жас<br><br>Фото | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>5 адам<br><br>10<br><br>5<br><br>1 тікелей эфир | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>5 адам<br><br>10<br><br>5<br><br>1 тікелей эфир | Комиссия құрамы қоғам белсенділерінен, мемлекеттік органдардың, БАҚ саласының кәсіби әрі беделді өкілдерінен жасақталды. Комиссия құрамында қоғам қайраткері, Маңғыстау облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі Маханбетова Жақсыгүл, Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай, 2023 жылғы «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасының жеңімпазы Тұрарова Інжу, кәсіпкер Жалғас Давлетов, «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің директоры Мағдатов Наурызбек Серікұлы болды. Конкурстық комиссия құрамының қатысуымен конкурстық комиссия отырысы Ақтау қаласы жастар орталығында |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бекіткен тағылымдама қатысушыларымен тағылымдама бағдарламасын жасақтау мақсатында сұхбаттасу ұйымдастыру. | | | | | Отырыс видеосы | | | қыркүйек айының 13-жұлдызында өтті. |
| | **7-іс-шара.** Жобалық топ азаматтық қоғам институттары дамыған, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда және мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы байланыс нәтижесінде айтарлықтай жетістікке жеткен Тапсырыс берушінің келісімімен Ресей Федерацияс | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | Жобалық кеңсе конкурстық комиссия отырысынан соң Ресей Федерациясы және Чехия Республикасы бойынша азаматтық қоғам институты және ҮЕҰ байланыс орнатып серіктестіктік қарым-қатынасты бекітті. | Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама<br><br>Имидждік материалдар<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Әр тағылымдама | 1 (әр тағылымдама бойынша)<br><br>1 үлгі (10 дана)<br><br>әр шара бойынша 1<br><br>3 | 1 (әр тағылымдама бойынша)<br><br>1 үлгі (10 дана)<br><br>әр шара бойынша 1<br><br>кемі 3 | Тапсырыс берушімен келісе отырып тағылымдаманың бағдарламалары жасақталып, бекітілді. Жобаның жеңімпаз 10 жасына жобалық кеңсе дайындаған имиджік материалдар дайындалып, берілді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ы (Мәскеу, Санкт-Петербург қаласына) және Чех Республикасы (Прага қаласына) ҮЕҰ-нда және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында үш күндік сапар ұйымдастыру бойынша дайындық жұмысын жүргізеді. | | | | | бойынша күн саны | | |
| | **8-іс-шара.** Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде Тапсырыс берушінің келісімімен сапардың алғаш күнінде кемінде 3 ҮЕҰ | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасы бойынша бекітілген бағдарлама бойынша жеңімпаз жастар Ресей Федерациясы Мәскеу, Санкт-Петербург, Выборг қаласына және Чехия Республикасы Прага қаласына 3-5 аралығындағы тағылымдамаға қатысты. | ҮЕҰ кездесу<br><br>Жастар ұйымы мен волонтерлік ұйымының фронт-офистерімен кездесу | 6 (2 тағылымдама * 3 нысан)<br><br>6 (2 тағылымдама * 3 нысан) | 6<br><br>6 | Тағылымдама барысында ҮЕҰ -дың қызметтік кеңсесіне барып, олардың қызметімен, жастар ұйымы мен волонтерлік ұйымының фронт-офистерімен және олардың табысты жобаларымен танысты. Сонымен қоса, әлеуметтік кәсіпкерлік нысанмен, жастарға арналған мәдени-демалыс кешенінің (коуоркиң, арт-студиялар, бизнес инкубаторлар) қызметімен танысып, халықаралық серіктестікке қол жеткізді. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызметтік кеңсесіне барып, олардың қызметімен танысады. Екінші күні кемінде 3 жастар ұйымы мен волонтерлік ұйымының фронт-офистерімен және олардың табысты жобаларымен танысады. Үшінші күні кемінде 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысанмен, жастарға арналған мәдени-демалыс кешенінің (коуоркиң, арт-студиялар, бизнес инкубаторлар) қызметімен танысады. | | | | | Әлеуметтік кәсіпкерлік нысанмен, жастарға арналған мәдени-демалыс кешеніндегі кездесу<br><br>Фото<br><br>Кездесу есебі<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 6 (2 тағылымдама, 3 нысан)<br><br>әр күннен 5<br><br>әр тағылымдамадан 1<br><br>әр тағылымдамадан 1<br><br>6<br><br>80% | 6<br><br>40<br><br>әр тағылымдамадан 1<br><br>әр тағылымдамадан 1<br><br>6 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Қанағаттану деңгейі<br><br>Тағылымдамадан өтушілердің есебі | <br>10 | 80%<br><br>10 | |
| | **9-іс-шара.** Жастармен ашық кездесу ұйымдастыру | Мамыр-караша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасының жеңімпаздарының қатысуымен және Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мұқаш Оралбайдың қатысуымен Ақтау қаласы «Barista business» коворкинг орталығында ашық кездесу өтті. | Бағдарлама<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жариялаым саны | 1<br><br>1<br><br>5<br><br>1<br><br>1 | 1<br><br>1<br><br>5<br><br>1<br><br>1 | Ашық кездесуде әлеуметтік жобаның мақсат-міндеті айтылды.<br><br>Кездесуде жеңімпаз жастарға имидждік материалдар тапсырылды. |
| **2-міндет.** Аймақтағы жас көшбасшылар кемінде 4 шетелдік және отандық серіктестікке қол жеткізу | **1-іс-шара.** Тағылымдама барысында 4 шетелдік және отандық серіктестерге қол жеткізу мақсатында меморандум жасақтап, ш | Мамыр-караша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 4 меморандум | Тағылымдама барысында 4 шетелдік серіктестерге қол жеткізу мақсатында меморандум жасақталып, шетелдік серіктестермен бекітілді. | Меморандум<br><br>Фото және видео | 4 меморандум<br><br>4 | 4 меморандум<br><br>4 | Меморандум Автономной НКО по развитию индивидуального творчества и креативных отраслей «Творческие проекты Кайкино», ООО «Легко-легко», АНО «Простые вещи», НКО «Анна помогает» ұйымдарымен жасақталды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | етелдік серіктестермен бекіту. | | | | | | | | |
| | **2-іс-шара.** Тағылымдама барысында жас көшбасшылар пулін жасақтау (тағылымдамадан өткен жастар арасында) | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | Тағылымдамаға қатысқан жеңімпаз жастардың қатысуымен жас көшбасшылар пулі жасақталды. | Жас көшбасшылар тізімі<br><br>Жас көшбасшылар жоспары | 1<br><br>Әр бірінен 1 | 1<br><br>Әр бірінен 1 | Жасақталған пулдің отырысы өтіп, жоспар бекітілді. |
| **3 міндет.** Тағылымдамадан өтушілердің кемінде 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобасын жүзеге асыруын үйлестіру және сүйемелдеу | **1-іс-шара.** Тағылымдамадан өткен жастар арасында онлайн және оффлайн кездесу отырыстарын өткізу | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | Тағылымдамадан өткен жастар арасында онлайн және оффлайн кездесу отырыстарын өткізілді. | Бағдарлама<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Кездесулер есебі<br><br>Фото<br><br>Видео | 3<br><br>3<br><br>3<br><br>5 (әр шара бойынша)<br><br>1 (әр шара бойынша) | 3<br><br>3<br><br>3<br><br>15<br><br>3<br><br>3 | Отырыстарда тағылымдамаға жасақталған бағдарлама бекітіліп, ұйымдар таныстырылды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 3 | | |
| | **2-іс-шара.** Тағылымдамадан өткен жастар арасында авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобаны іске асыру | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | Тағылымдамадан өткен жастар арасында 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік жобаны іске асырылды. | Әлеуметтік жобалар<br><br>Менторлар<br><br>Фото және видео<br><br>Әлеуметтік желідегі пост | 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік 1жоба есебі<br><br>5 ментор<br><br>5 және 1 (әр жобадан)<br><br>5 | 5 авторлық қысқа мерзімді әлеуметтік 1жоба есебі<br><br>5 ментор<br><br>5 және 1<br><br>5 | Қоғамдық негізде 5 ментор тағайындалды. |
| **4 міндет.** Аймақтағы жас көшбасшылардың әр елде кемінде 6 қоғамдық ұйымның, 3 әлеуметтік | **1-іс-шара.** Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде әр | Мамыр-қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде әр елде 6 қоғамдық ұйымның, 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен | Қоғамдық ұйымдар туралы ақпарат | 6 қоғамдық ұйым туралы ақпарат (әр елден) | 6 қоғамдық ұйым туралы ақпарат (әр елден) | Аймақтағы жас көшбасшылардың қоғамдық ұйымның, әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысты. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысуын қамтамасыз ету. | елде кемінде 6 қоғамдық ұйымның, 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының қызметімен танысуын ұйымдастыру | | | | танысуын ұйымдастырды. | Әлеуметтік кәсіпкерлік нысандары туралы ақпарат | 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысаны туралы ақпарат (әр елден) | 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысаны туралы ақпарат (әр елден) | |
| | **2-іс-шара.** Серіктестермен бірлесе тағылымдамадан өтушілерге арналған нұсқаулық (қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі, серіктестер мен қабылдаушы ел туралы ақпарат) дайындау. | Мамыр-караша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 10 жеңімпаз | Серіктестермен бірлесе тағылымдамадан өтушілерге арналған нұсқаулық (қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі, серіктестер мен қабылдаушы ел туралы ақпарат) дайындалды. | Келісілген нұсқаулық (қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі, серіктестер мен қабылдаушы ел туралы ақпарат). | 2 нұсқаулық | 2 нұсқаулық | Серіктестермен бірлесе тағылымдамадан өтушілерге арналған нұсқаулық (қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі, серіктестер мен қабылдаушы ел туралы ақпарат) дайындалды |
| | **3-іс-шара.** Жоба туралы | Мамыр-караш | Маңғыстау облыс | 10 жеңімпаз | Жоба туралы жүргізілген жұмыстар туралы | Инфлюенсерлер (ақпарат) | 5 | 5 | «Тағылымдама күнделігін» жүргізіліп материалдар мен роликтер әлеуметтік |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастыру. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер шақыру.Әлеуметтік жобаға арнайы парақша ашу арқылы «Тағылымдама күнделігі» айдарын жүргізу | а 2024 жыл | ы, Ақтау қаласы | | әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындалып, тұрақты түрде жарияланып отырды. | «Тағылымдама күнделігін» жүргізу материалдар мен роликтер<br><br>Дайджест<br><br>Пост<br><br>Фото және видео | 7<br><br>1<br><br>7<br><br>10 | 7<br><br>1<br><br>7<br><br>Кемі 10 | желідегін парақшаға жарияланды. |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:** Ауытқу болмады

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 10 | 10 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | 1000 | 1000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | - | - |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | 4 | 4 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 2 243 500 | 2 243 500 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 288 540 | 288 540 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 8 467 960 | 8 467 960 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 2 | 2 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):** Өңірдегі 10 жастар ұйымдары басшылары Ресей Федерациясы (Мәскеу, Санкт-Петербург, Выборг) мен Чехия Республикасы (Прага) қаласында тағылымдамаларға қатысты.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

Әлеуметтік жобаның аяқталуы және іске асырылуы барысында бірнеше маңызды әлеуметтік және ұйымдастырушылық өзгерістер орын алды. Тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының басшылары Ресей Федерациясындағы (Мәскеу, Санкт-Петербург), Чехия Республикасындағы әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының жұмыс тәжірибесімен танысып, алынған білімдерін жергілікті деңгейде қолдануға мүмкіндік алды. Бұл тәжірибе олардың әлеуметтік жобаларға деген көзқарасын кеңейтіп, аймақтағы жастар ұйымдарының жұмыс сапасын арттыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, тағылымдамадан өтушілердің 5 авторлық әлеуметтік жобасын жүзеге асыру жастардың белсенділігін арттырып, қоғамда оң өзгерістерге ықпал етті. Ресейдегі серіктестермен 4 меморандумның жасалуы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға негіз болды.

*1) Жоба қатысушысы Гүлнұр Жексембайқызы пікірі (+7702 323 37 90): «Қымбатты оқырмандар, алдыңғы посттарда жариялағанымдай, Түпқараған жастары жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Жастар тағылымдамасы» жобасының жеңімпазы ретінде Ресей мемлекетінде тағылымдамадан өттім.Тағылымдамадан өту барысында жалпы тағылымдаманың ұйымдастырылуының жоғары деңгейін атап өтіп, Түпқараған жастары қоғамдық бірлестігіне өз алғысымды білдіремін. Бұл тағылымдама Маңғыстаулық жастар үшін шет елдік ұйымдармен тәжірибе алмасуға, жұмыс бағытымен танысуға үлкен мүмкіндік болды»*

*2) Жоба қатысушысы Кокушев Нұрлан пікірі (+7702 397 92 92): «Әр ұйым коммерциялық пайда үшін емес, туындаған әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуі үшін аянбай, көбінесе ерікті ретінде қоғамның дамуы үшін өз үлестерін қосып, ат салысып жүрген жандардан құралған. Осылайша халыққа деген жанашыр көңілімен бастаған игі жұмыстары қазіргі таңда ел ішіндегі ғана емес, әлемдік масштабтағы мәселелерді шешуге бағытталған. Пайдалы кездесулер нәтижесінде өз өңірімізді дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жаңа бағыттарды қалыптастыруға, дамытуға тың идеяларды алдық. Жаңа ел, жаңа таныстық, жаңа достар мен алдағы бірлесе жасайтын жаңа жобалар үшін, әдемі естеліктер мен ұмытылмас сапар үшін Түпқараған жастары жастар қоғамдық бірлестігі көп рахмет!»*

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 10 | 7 | 3 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | - | 10 | - | - | - | - | - | 10 | - | |

**Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | - | - | 5 | 5 | - | - | - |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

- *көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):*
  «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі осы жылы Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының «Жастар тағылымдамасы» жобасын жүзеге асырды. Жобаның мақсаты - өңірдегі жастардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, жаңа жас көшбасшыларды анықтау. Жоба алдымен жас көшбасшыларға арналған байқаудан басталды. Байқауға 71 өтінім түсіп, конкурстық комиссияға 23 өтінім жолданды. Конкурстық комиссиясының қорытындысы бойынша 10 жас тағылымдамаға жолданды. 10 жас көшбасшы Ресей Федерациясында (Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары) және Чех Республикасында тағылымдамадан өтті. Жоба аясында 4 халықаралық ұйыммен меморандум жасалды және жастардың кемінде 6 ҮЕҰ және 3 әлеуметтік кәсіпкерлікпен танысу іске асырылды.
- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*
  Жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері жобаның қатысушыларының кәсіби және қоғамдық қызметін дамытуға бағытталған. Әсіресе, жастар арасында кәсіби дағдыларды жетілдіру және әлеуметтік жобаларды іске асыру үшін ұйымдастырылған

тағылымдамалар мен оқыту шаралары, жастардың көшбасшылық қабілеттерін нығайтуға ықпал етті. Бұл жобалардың қоғамдағы ұзақ мерзімді әсері жастарды ынталандырып, олардың өздерінің аймақтық және ұлттық деңгейде әлеуметтік өзгерістер енгізу мүмкіндіктерін арттырады.

- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:*
  Жоба аясында жастарға арналған түрлі оқыту курстары, шағын әлеуметтік жобалар ұйымдастырылды, және қатысушылар халықаралық тәжірибе жинақтады. Бұл жобалар жастардың кәсіби және қоғамдық дағдыларын жетілдіруге бағытталды. Сонымен қатар, жас көшбасшылардың шетелде тағылымдамадан өтуі олардың әлеуметтік қызметке деген көзқарасын кеңейтті, жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді және халықаралық ынтымақтастықты нығайтты. Жоба аясында жас көшбасшылардың арасында жасалған меморандумдар мен құрылған жас көшбасшылар пулы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізді, ал жастардың өзара ынтымақтастығы мен халықаралық серіктестік байланыстары жоба нәтижесінде айтарлықтай артты.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау:**

Аталған жобаны іске асыру барысында Ресей Федерациясындағы Қазақстан елшілігі мен Чехия Республикасындағы Қазақстан елшілігі ұйымдастырушылық бағытда серіктестік танытты. Сонымен қоса, тағылымдама барысында 4 шетелдік серіктестерге қол жеткізу мақсатында меморандум жасақталып, шетелдік серіктестермен бекітілді. Меморандум Автономной НКО по развитию индивидуального творчества и креативных отраслей «Творческие проекты Кайкино», ООО «Легко-легко», АНО «Простые вещи», НКО «Анна помогает» ұйымдарымен жасақталды.

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**

| Ұйымның атауы/<br>Серіктестің ТАӘ | Жоюадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| Ресей Федерациясындағы Қазақстан елшілігі | Ақпараттық, ұйымдастырушылық, консультациялық кеңес | Дамир Дильмагамбетов<br>+ 7 977 257 01 57 | - |
| Чехия Республикасындағы Қазақстан елшілігі | Ақпараттық, ұйымдастырушылық, консультациялық кеңес | Бауыржан Жұмағұлов<br>+ 7 707 717 00 47 | - |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жастар саясаты | «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасы | Жас көшбасшыларға арналған шетелдік тағылымдамалар ұйымдастыру | 11 000 000 | мемлекеттік | Жас көшбасшыларға тағылымдамаларға қатысу арқылы халықаралық серіктестікке ие болады |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| Мемлекеттік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы | «Жастар тағылымдамасы» әлеуметтік жобасы | №89, 29.11.2024 ж. |

**Есеп беттерінің жалпы саны: 21 бет**

**Грант алушы: «Түпқараған жастары» ЖҚБ**

**Директор** **Мағдатов Н.С**